



FTAMP 17.82.10

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-209-220>

Ахмед Шауқи поэзиясындағы «сағыныш» концептісі

Р.С. Кожобекова^{ID}, А.А. Мустафаева^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: raushan.kozhakhmetova@gmail.com, rummana@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада Мысыр елінің танымал ақыны Ахмед Шауқидің Испанияда жер аударуда жүрген кездегі туған жеріне, жақындарына деген сағынышы, ақын шығармашылығындағы сан-қилы өзгерістер көрініс табады. “Сағыныш” ұғымының ақын шығармаларындағы маңыздылығы, зерттеу барысында қарастырылады. Ахмед Шауқидің өмір сүрген кезеңіне тән өзіндік концептосферасы айқындалып, ұлттық ерекшелігі көрініс табады. Патша сарайында тәрбиеленсе де, ақын ретінде мысырлықтардың тамыр соғуын сезініп, олардың бар тілегіне қолдаушы болғандығын шығармаларында айқындап көрсеткеніне көз жеткіздік. Сондай-ақ мақала барысында 1915 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейінгі Ахмед Шауқидің Испанияға жер аударылуы және 1919 жылы Мысырдағы төңкерістің одан әрі өршуінің салдарынан ақынның күйзеліске түсу кезеңіне талдау жасалынады. Мақаланың негізгі мақсаты – Ахмед Шауқи поэзиясының жер аударуда жүрген кезіндегі тақырыптық ерекшелігі мен Отанына, халқына деген сағынышына саралау жасалынып, қойылған мақсатқа жету және міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: талдау, аудару, мәтіндік. Зерттеу нәтижесінде Ахмед Шауқидің елінен жырақта жүріп сағынышын басу үшін поэзияға жүгіну арқылы ғана жеңілдік тапқандығы зерделенеді. Ақын поэзиясындағы басты мәселелер сараланады. Зерттеу нәтижелері ақынның Севилья, Кордова және Гранададағы мұсылмандар өркениетінің ескерткіштерін зиярат ете отырып, “Араб елдері және исламның ұлылары” атты көлемді қасидасын жазғандығын көрсетті. Шауқи поэзиясындағы шынайы көңіл-күй мен сұлулықты суреттеудегі шеберлік ақын шығармашылығының бір қырын тануға мүмкіндік туғызды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Ахмед Шауқи поэзиясындағы сағыныш ұғымы ақын өмірінің бір маңызды кезеңі ретінде шынайы көрініс табатындығы айқындалады.

Түйін сөздер: Ахмед Шауқи, араб поэзиясы, сағыныш, жер аудару, концептосфера, сарай ақыны, патриотизм, мысыр ақыны.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

Кіріспе

Әр ұлттың өзіне тән ойлау жүйесі мен қоршаған ортаны бейнелеу тәсілдері бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің негізін құрайды. Ал оның нәтижесінде әр ұлттың өзіндік концептосферасы қалыптасады. Бүгінгі қарастырғалы отырған тақырыбымызда мысырлық ақын Ахмед Шауқи шығармаларындағы “сағыныш” концептісінің қалыптасуы мен қолданысы арқылы ақын өмір сүрген кезеңді когнитивті тұрғыдан тануға, оның тілдік бейнесін түсінуге тырысамыз. Жазба деректерге сүйенер болсақ, араб әдебиеті, шын мәнінде, Шауқиді жер аудартқаны үшін британдық басқыншыларға өз ризашылығын білдіретінін көреміз. Оның себебін ақынның туған жерге деген сағынышпен жазған жауһар туындылары пайда болмас еді деп түсіндіреді. Ахмед Шауқи өлеңдеріндегі ең маңызды поэтикалық құбылыстардың бірі – патриотизм. Сарай ақыны болып, беймарал өмір кешіп, отаршылдықтың қасіретін көрген, халықтың мұңын сезінбеген деп Шауқи туралы әр түрлі пікірлер айтылғанымен, ақынның басқа сарай ақындарынан ерекшелігі бар екенін де ескергеніміз жөн [1, 59 б.]. Ақын-жазушылардың зерттеулеріне негізделер болсақ, Ахмед Шауқидың шығармашылығы туған жерге деген терең сүйіспеншілікке толы екеніне көз жеткіземіз. Қуғын – тамырынан отаншылдықтың қанын ағызған қанжар еді; қуғын-сүргінде елін ұмытпай, өткен әрбір күн оның оралуға деген сағынышымен жүрегін жібітті. Туған жерге деген сүйіспеншілік Мысыр ақыны Ахмед Шауқидің жүрегі мен тамырында қан сияқты жүгіріп, Испанияға жер аударылуы да осы махаббатты терең де сырлас етіп оятқан себептердің бірі болды. Шауқи өзінің Мысырға деген сағынышын Мысыр тарихы арқылы көрсетуге тырысады. Осылайша ақын поэзиясы туған жерге деген құрметтің шыңында сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін тудырды. Шауқи адам мен оның туған жері арасындағы қарым-қатынас адамның діни құндылығы мен сеніміне өте ұқсас деп есептеді. Танымал мысыр әдебиетшісі әрі сыншы Шауқи Дайф Ахмед Шауқидың айдауда жүрген кезеңін былай сипаттайды: “Шауқи теңіз деңгейінен өте биікте орналасқан “Вальвидрера” қалашығының шетінде тұрды. Ол қарағайлы ормандармен көмкерілген керемет табиғат көріністерімен қоршалған осы биіктіктен, сонымен қатар шексіз теңіздің толқындарымен үздіксіз жарысып жүрген кемелерді бақылау арқылы әрдайым шабыт алып отырды. Алайда, Шауқидің бұл сапарында терең мұң болатын. Ақын туған жерден алшақ кеткені үшін қатты қиналады. Нәтижесінде сол шексіз сағыныштан қазіргі араб поэзиясында ерекше маңызға ие туындылары пайда болды. Сондай-ақ бұл қадам Шауқидің өз халқына және олардың ортақ уайымдарына жақындай түсуіне септігін тигізді” [2, 326.].

Тағы бір мысырлық әдебиетші Джәудат Салехтың зерттеуінде “Британдықтардың Шауқиді айдауға жіберуі, оның Испанияда 5 жыл болғаны, олар оң ниет танытпаса да, жақсылық жасағаны болып есептелінеді. Себебі ақын ол жерде жаңа дүниелерді көріп, Андалусия тарихына шолу жасады. Шауқи исламның ежелгі патшаларының хикаялары мен Андалусиядағы араб поэзиясының жарқын бояуларымен таныса отырып, көптеген өлеңдер жазды. Мұның бәрі Шауқидің поэтикасында жаңа рөл атқарды және оның сүйікті гитарасына керемет ноталарды қосты” [3, 726.].

Тағы бір мысырлық әдебиетші Джәудат Салехтың зерттеуінде “Британдықтардың Шауқиді айдауға жіберуі, оның Испанияда 5 жыл болғаны, олар оң ниет танытпаса да,

жақсылық жасағаны болып есептелінеді. Себебі ақын ол жерде жаңа дүниелерді көріп, Андалусия тарихына шолу жасады. Шауқи исламның ежелгі патшаларының хикаялары мен Андалусиядағы араб поэзиясының жарқын бояуларымен таныса отырып, көптеген өлеңдер жазды. Мұның бәрі Шауқидің поэтикасында жаңа рөл атқарды және оның сүйікті гитарасына керемет ноталарды қосты” [3, 72б.].

Ахмед Шауқи Мысыр ғана емес, жалпы араб әлеміне танымал болғандықтан да ақынның шығармашылығы бүгінде жан-жақты сараланып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Онда әр түрлі тақырыптар бойынша араб және шетел ғалымдарының зерттеуі бойынша ғылыми жұмыстар да жүргізілген. Алайда қазақ әдебиетінде Ахмед Шауқидің шығармашылығы, оның ішінде поэзиясы жеке зерттеу тақырыбы ретінде қаралмаған. Араб поэзиясын дамытуға өзіндік үлесін қосқан Ахмед Шауқидің шығармашылығын, оның ішінде шет жерде жүріп, туған жеріне, халқына деген ностальгиямен жазған өлеңдерін танып-білу, алдағы уақытта қазақ ақындарының шығармаларымен салыстыра отырып зерттеу, екі халық арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға өз септігін тигізеді деп есептейміз.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

“أمیر الشعراء”, яғни “Ақындар ханзадасы” лақап атымен танымал мысырлық ақын Ахмед Шауқи араб халқының рухани өміріндегі қайталанбас ерекше тұлғалардың бірі. Ақын өмірінің әрбір кезеңіндегі әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты поэзиясының да тақырыптары сан-қилы болып келеді. Ақын шығармашылығындағы әрбір кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар. Сондай кезеңдердің бірі Ахмед Шауқидің Испания жеріне жер аудару кезеңін араб әдебиетіндегі зерттеушілер арасындағы *өзекті* мәселе деп білеміз. Дәл осы кезеңге тоқтала отырып, ақын поэзиясындағы “сағыныш” концептісінің көрінісіне талдау жасауды жөн санадық. Мақаланың *зерттеу нысаны* болып, Ахмед Шауқидің “الشوقيات”, “Әш-Шауқийат” қасидалар жинағы және ақынның өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеген араб ғалымдарының еңбектері қолданылса, ал *зерттеу пәні* ретінде араб елдерінде, әсіресе Мысырда XX ғасырдың екінші жартысында көпшіліктің пайдалануына берілген бірталай еңбектердің араб оқырмандарына аз уақыт ішінде Ахмед Шауқи шығармашылығы туралы зерттеулер негіз болып табылады. Зерттеу жұмысымыздың *мақсаты* болған, Ахмед Шауқидің жер аудару кезеңіндегі поэзиялық туындыларындағы “сағыныш” концептісін зерделеу үшін келесі міндеттер қойылды:

- Ахмед Шауқидің таңдаулы “الشوقيات”, “Әш-Шауқийат” қасидалар жинағына талдау жасау;
- Ахмед Шауқи шығармашылығы жайлы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін саралау;
- Тарихқа көз жүгірту арқылы ақынның жер аудару кезеңін қарастыру;
- Ахмед Шауқидің шығармаларына талдау жасай отырып, ондағы “сағыныш” концептісінің сипаттарын айқындау.

Зерттеудің әдістері

Зерттеу барысында тікелей семантикалық саралау, жинақтау, талдау, сондай-ақ ғылыми зерттеу жүргізудегі негізгі *әдістер* кеңінен қолданыс тапты. Зерттеу *ізденісі* араб поэзиясында ерекше орны бар ақын Ахмед Шауқиді қазақ оқырмандарына жақынырақ таныстырумен қатар поэзиясындағы “сағыныш” концептісінің ерекшелігін аударма негізінде талдап, қарастыруға арналды.

Зерттеу барысында келесі материалдар қолданылды: “الشوقيات”, “Әш-Шауқийат” таңдаулы қасидалар жинағы, Ханна Әл-Фахуридің қазіргі заманғы Араб әдебиетіне байланысты “الجامع في تاريخ الأدب العربي الحديث” еңбегі, араб әдебиетінің сыншысы, тарихшы Шауқи Дайфтің зерттеулері, Джәудат Салех, Мұхаммад Сабри, Мұхаммад Заки, Халед Атауи, Әбдел Мәжид Әбдалла, Әл-Рифағи сынды Ахмед Шауқиді зерттеуші ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ ақынның ұлы Хусейн Шауқидің “أبي شوقي”, “Әкем Шауқи” атты еңбектері.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылы 25 шілдеде басталып, 1914 жылы 18 қыркүйекте Ұлыбритания Египетке протекторат орнатты, ал келесі күні Константинопольде билік еткен Хедив Аббас Хилми II ні қызметінен босатты. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басында Түркия Германияға қосылып, Аббас Хелми түріктер мен немістерге бейтарап болғандықтан, ағылшындар оның жоқтығын пайдаланып, оны Мысыр тағынан оқшаулап, орнына британдықтармен жақсы қарым-қатынаста болған Хусейн Камелді қойғаны белгілі болды. Ахмед Шауқи ақын ретінде ағылшынның бұл саясатына өзінің қарсылығын танытып, оны өз поэзиясы арқылы білдірді. Нәтижесінде оны Мальтаға жер аударту туралы қаулы шығарылды, бірақ көп ұзамай Аббас Хелмидің адамдарының араша түсуіне байланысты, Испанияға баруға рұқсат алды» [4, 438б.].

“Ыстамбұлда болған жазғы сапарымыз 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыс жарияланғанға дейін жалғасты. Хедив Аббас II татысоқиғасынан жараланып қалғандықтан, әкем біздің оның қасында болуымызды, яғни Мысырға уақытша оралмауымызды сұрады. Бірақ жоғары мәртебелі: “Соғыс жалғаса береді, Түркия немістерге қосылады, ал сіздің үлкен отбасыңыз бар, егер жақын арада болатын Мысырмен тасымалдау үзіліп қалса, ал ол болатыны мәлім, бұл жағдайда сіз қиындыққа тап боласыз” – деп, біздің оралуымызды талап етті”. Сонымен соңғы кемемен Мысырға қайтудан басқа амалымыз қалмады! Алайда Мысырға жеткен бойда Хедив қамауға алынып, үйімізге келушілер саны күннен-күнге азая бастады. Ескі режимнің адамымен байланыста деп айыпталмас үшін тіпті достарымыз да әкеммен кездесуден қорықты. Әрине, ерекше сәттер де болды, өйткені жер бетінде жақсы адамдар әрдайым табылатыны сөзсіз [5, 28б.].

Ғылыми зерттеулерге негізделе отырып, Шауқидің қуғынға ұшырауының үш негізгі себебін атап өтелік: алғашқысы – Ахмед Шауқидің Лорд Кромер әрекеттеріне қарсы жазған “ودعا للورد كرومر”, “Кромермен қоштасу” қасидасы (1907), екіншісі – Шауқидің Хедив Тауфиқ және оның мұрагері Хедив Аббас Хелми II мен тығыз қарым-қатынасы, ал

үшіншісі - британдықтарға қарсы жазылған “القصيدۃ الحزینة” “Қайғылы өлең” қасидасы еді.

“Кромермен қоштасу” қасидасының үзінідісі:
 لما رحلت عن البلاد تشهدت ... فكأنك الداء العياء رحيلا
 الله يحكم في الملوك و لم تكن ... دول تتازعه القوى لتدولا
 فرعون قبلك كان أعظم سطوة ... و أعز بين العالمين قبيلا
 [3, 826.].

Келесі осы өлең жолдарының мағыналық аудармасын бердік. “Сіз елден кеткенде, жеңілдік сезілді, бейнебір аурудан айыққандаймыз. Патшаларға билік жүргізетін мемлекет емес, Құдай. Бұл билік үшін Онымен күресу ұзаққа созылады. Саған дейін перғауынның үстемдігі одан да мықты еді. Ал оның тайпасы ең үстем”. (Аударма біздікі).

Шауқидың халықтың көзайымына айналған танымал өлеңі келесі жолдармен басталады:

الملك فيكم آل إسمعيل لا زال بيتكم يظل النيل
 النيل ان احصى لكم حسناتكم ملأ الزمان محاسنا و الجيلا
 خلفاؤنا الاحرار إلا انهم ارقى شعوب عواظفا و ميولا
 أعلى من الرومان ذكرا في الوري و أعز سلطانا و أمنع غيلا
 سبحان من لا عز إلا عزه يبقی و لم يك ملكه ليزلا
 يا أهل مصر كلوا الامور لربكم فألله خير موئلا و وكيلا
 [6, 796.].

“Билік қолдарыңызда, Исмаилит әулеті, Әйтсе де патшалығыңыз Ніл көлеңкесінде қалады”. Бұл туынды ақын үшін бақытсыздық әкелді. Ары қарай қасида келесі жолдармен жалғасады: “Ніл сенің жақсылықтарыңды санаса, Бұл уақыт пен ұрпақты жақсылыққа толтырар еді.

Британдықтар біздің қарсыласымыз болса да, олардың монархиясының даңқы римдіктерден де биік екенін мойындаймын... Алладан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол барлық кемшілік атаулыдан пәк.

Уа, Мысыр халқы, бәрін Раббыларыңа тапсырыңдар! Аллах ең құдіретті және қамқоршы” (Аударма біздікі).

Хусейн Камел таққа отырған соң, келесі күні “Әл-Ахрам” газеті Сұлтан Хусейнге арналған үш өлеңін жариялады. Олар Ахмед Шауқидің, Хафиз Ибрахимнің және Ахмед Насимнің өлеңдері болатын. Шауқидің өлеңіне түсініктеме берген Әл-Азхар ғалымы шейх Хасанейн Махлуф: “Ағылшындар Шауқиді осы өлеңі үшін айдауға жібереді, өйткені онда көтеріліске шақыру және Сұлтан Хусейнге қарсы тұспалдап айтылған сөздер бар деп айыптағанын айтады”. Британдық әскери билікті ақынның бұл қарсылығы қатты алаңдатты, өйткені Шауқидің бұл жанайқайы бүкіл Мысырға таралады деп қорқып, ақынды жер аудартады”.

Туған жерге сағыныш. Шауқи Испанияда айдауда шамамен 5 жыл болады. Осы уақыт аралығы ақын өміріндегі сағынышқа толы кезең еді. Жыр жауһарлары саналатын өлеңдерінде шынайы сезім мен көркем теңеулер азайып, туған елге деген сағынышы күшейе түседі. Оның туған жері Мысырға деген ностальгиясы қасидаларындағы сарынынан анық байқалады [6, 2156.].

Шауқидің қайғысы тілек пен үмітсіздік арасында алмасып тұрса да, соңында бір жақсылық болатынына сенімін жоғалтпады. Ақын шығармаларында қызу сағыныш сезімі, кеме секілді алып, теңіз секілді шексіз болды. Шауқидің қиялы Нілдің жағалауында серуендеп, Гиза пирамидаларының арасында ұшып жүрді. Осы сарындағы ең әсерлі шығармаларының бірі “سينية” “Синийа” (қасидадағы әрбір жолдың соңы “син” әрпімен аяқталады) немесе “حنين و غربة” “Сағыныш пен алшақтық” деп аталады. Бұл қасида барысында ақын өзінің туған жері Мысырды, туып өскен үйін, туған-туысы мен жақындарына деген ыстық сағынышын білдіреді. Туған жерінде өткізген бақытты күндерін есіне алады. Ол қанша ұзақ уақыт өтсе де туған жерін ұмытпайтынын айтады. Сондықтан ол қиялындағы серіктерінен өзінің алыстағы ғажайып естеліктерін шақыруды сұрайды. Шауқи өзін ұя салған ағашында тұруға тыйым салынған құсқа теңейді. Туған жеріне жеткізу үшін кемеге жалбарынып, толқыған теңізге сағыныш жасын төккендей күйді кешеді. Ахмед Шауқидың бұл қасидасы келесі жолдармен басталады:

اختلاف النهار والليل ينسي ... اذكرا لي الصبا وأيام أنسي
وصفا لي ملاوة من شباب ... صورت من تصورات ومس
عصفت كالصبا اللعوب ومرت ... سنة حلوة ولذة خلست

وسلا مصر: هل سلا القلب عنها ... أو أسا جرحه الزمان المؤسي
كلما مرت الليالي عليه ... رق، والعهد في الليالي تقسي
مستطار إذا البواخر رنت ... أول الليل، أو عوت بعد جرس

[7, 1136].

“Күндіз бен түн ұмытшақ білемісің, Балалық шағымды айтып беремісің. Сондай ғажап сәттер еді балғын шақ. Көз алдымда тұр менің сенемісің. Ойнақтайды Саба желі балаша, Мысырдан сұра, кездер еді тамаша. Ұмыта алар ма жүрек оны бір сәтке, Әлде уақыт жарасын емдеп таба ма. Түндер жүректі қатігез етсе де, Кемелер дауысы кеудені тербетсе, Оларға отырып кеткендей күй кешіп, Жүрегің соғады Отан деп сол кезде...” (Аударма біздікі).

Шауқидің Испания жерінде айдауда болғанда жазған поэзиясы тарих философиясын терең түсінуімен ерекшеленеді, осы арқылы ол тарих трагедияларының кең ауқымын сезінетін ақын ретінде танылды. Сонымен бірге ақын ислам тарихы мен оның гүлденуінің ең тамаша және жарқын бейнелерін қамтитын халықтың даңқ пен абыройдың шыңдарына көтерілуіне ықпал ететін факторларды қарастырды. Қуғын-сүргін тақырыбын жаулап алған ақын көзқарастарының ішінде оқиғалардан сабақ алу идеясы бар. Шауқи өзінің жоғары мәдениетін көрсетіп, терең ойлы шығармалары арқылы халқын бостандыққа шығаруға талпынды.

Достар арасындағы сағыныш. Ахмед Шауқи айдауда жүргенде жазған (туған жеріне деген сағынышын білдіретін) ең керемет қасидаларының бірі 1917 жылы Барселонадан қаламгер достарына жолдаған тамаша поэтикалық хабар болды. Алшақтан туған жерге деген сағынышы күшейе түскен кезде Шауқи қаламгер достары – мысырлық ақындар Хафиз Ибраһим мен Исмаил Сабриге өзінің жат жерде жүргендігіне, жалғыздығына шағымданып, ақындық терең сезімге толы хабарларын жолдайды. Хафиз Ибраһимге және барлық мысырлықтарға сөйлеген ақын былай деді:

يا ساكني مصر إنا لا نزال على ... عهد الوفاء و إن غبنا مقيمينا
هلا بعثتم لنا من ماء نهركم ... شيئاً نبل به أحشاء صاديننا
كل المناهل بعد النيل أسنة ... ما أبعد النيل إلا عن أمانينا

[7, 165-1666.].

“Ей, Мысыр тұрғындары, біз әлі де адалдық келісіміндеміз, Бізді өзеніңіздің суынан өткізесіз бе? Шөлдегенімізді баса аласыз ба? Ұстанымымыз Ніл секілді ұзын ба?”. (Аударма біздікі).

Анаға элегия. Шауқи 1918 жылдың аяғында соғыстың аяқталуы және бітімге келу туралы хабарды естігенде әлі Барселонада еді. Әйтсе де, жақсы хабармен қатар суық хабар да келіп жетті. Сол күні ақынның әжесі Каирде қайтыс болады. Қайғыға салынған ақын әжесіне арнап элегиясын жазады [8, 14-156.]. Бұл өлеңнің жолдарында адамзат тағдырына мұңын шағып тұрғандай болды. Шауқи бұл элегиясын нағыз аянышты жағдайда жазған. Төменде Шауқидің 50 жолдық элегиясының үзіндісі берілген:

لى الله أشكو من عوادي النوى سهما
أصاب سويداء الفؤاد وما أصمى
من الهاتكات القلب أول وهلة
وما دخلت لحماً ولا لامست عظماً
توارد والناعي فأوجست رنة
كلاماً على سمعي وفي كبدي كلما
فما هتفا حتى نزا الجنب وإنزوى
فيا ويح جنبي كم يسيل وكم يدمى
طوى الشرق نحو الغرب والماء للثرى
إلى ولم يرغب بساطاً ولا يما
أبان ولم ينس وأدى ولم يفه
وأدمى وما داوى وأوهى وما رما

[10, 466-4676.].

[10, 466-4676.].

“Бұл менің жүрегімнің түкпір-түкпіріне тиді, бірақ өлуге мүмкіндік бермеді. Дәл осы сәтте етке кірмей, сүйекке тимей жүректі жұлып алардай болды. Мен өмірдегі оқиғаларды сөктім, бірақ бұдан не өзгеріс болады, Олардың арасында тек бірен-саран елес қалды. Аллах жар болсын, күнәсіз менің періштем. Уақыт бақытқа кедергі болды, аттең-ай. Сіз көркемсіз, тәрбиеңіз тым асқақ, Ана деген мәңгі есім сізге шақ”.

Қуғын-сүргіннің соңы: Шауқидің Барселонадан қайтуына рұқсат берілгенімен, ол бірден оралуға мүмкіндік ала алмады. Ақын осы кезде Испанияның оңтүстігіне барып, қалаларындағы араб ескерткіштерін көруге бел буады. “Араб елдері және исламның ұлылары” атты көлемді қасидасын ақын осы уақытта жазады. Онда араб тарихына шолу жасалады [9, 126.]. 1918 жылы соғыс аяқталып, 1920 жылы Отанына оралуға рұқсат алған уақыт аралығында өткен бұл кезең ақынның Андалусия, Кордова және т.б. түрлі аймақтардағы Андалусия ескерткіштерін аралаған кезі болды” [10, 836.]. Жат жерде болған кезінде Шауқи уақытын Каирден өзімен бірге алып келген кітаптары мен өлең

жинақтарын оқумен өткізді. Барселонада жазған өлеңдерінің көпшілігінде туған жеріне шынайы сағынышын білдіреді.

Андалусиядағы араб өркениетінің көріністері оның өлең жазуға деген терең сезімдерін оятты. Сөйтіп, арабтардың тарихқа толы даңқын жырлады. Шауқи қиын сапардан кейін Испанияның оңтүстігіндегі Андалусияға келді, онда ол уақытша салтанатты жағдайдан кейін қирандылар, сарайлар, мешіттер мен Ислам елінің басына түскен апаттардың куәсі болды. Саңырау тастар мен үнсіз қирандылардың жоқтауы ақын-жазушылардың жоқтауынан да қаттырақ болды. Шауқи “Араб елдері және исламның ұлылары” атты көлемді поэмасын жазады. Ол 24 өлеңнен тұратын 1400 жолды қамтиды. Бұл туындысында ақын Мұхаммед пайғамбардың және халифаттардың заманынан қазіргі заманға дейінгі мұсылмандардың тарихын баяндап береді. Бұл шығарма ақын өмірден озғаннан кейін ғана жарияланған болатын. “أندلسية” “Андалусия ханшайымы” атты танымал прозалық пьесасын да Испания жерінде жазды.

1920 жылы Ахмед Шауқи Мысырға оралғанда оны жастар ықыласпен қарсы алады. Халқының жылы лебізі ақынды қатты тебіренітіп, ол көз жасына ерік береді. Бұл тамаша қабылдауды сипаттаған ақын:

وحيا الله فتيانا سماحا ... كسوا عطفی من فخر ثيابا
ويا وطنی لقيتك بعد یأس ... كأنی قد لقيت بك الشبابا

[10, 4716].

“Мейірімді жастарға Аллах разы болсын, Такаппарлық киімін жамылған кім? Ей, елім мен сені үмітсіздіктен кейін жолықтырдым, Жастық-шағыммен кездескендей күй кештім”.

Шауқидің Мысырға оралуы. Ахмед Шауқи Испанияда 4 жыл 6 ай болып, 51 жасында туған жеріне оралады. Ақын мінген пойызды күтіп тұрған қалың бұқара халық қыстың суық кешінде вокзал маңайына жиналды. Олардың ішінде досы, талантты ақын Хафиз Ибраһим де болды. Біраз уақыттан кейін пойыз келіп тоқтайды. Суықтан қымтанған аласа жігіт пальтосының жағасын қолына қысып сыртқа шықты. Мыңдаған адамдар Ахмед Шауқиді көріп, қуаныштан айғайлап, оны мойындарына салып көтерді. Ал досы Хафиз Ибраһим ақынды: “Досымды қайтарған Аллаға мақтаулар болсын, Туған жерге оралғанына мың шүкір” – деп басталатын өлең жолдарымен қарсы алды. Газет-журнал бетерінде: “Қош келдіңіз, жазушылар шебері! Қош келдіңіз, “Ақындар ханзадасы”! Қош келдіңіз, Ахмед Шауқи! – деген ұрандар жазылды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде араб ақыны Ахмед Шауқи шығармашылығында “сағыныш” концептісінің ерекше орын алғанына көз жеткіземіз. Ақын шеберлігі арқылы бұл ұғымды сан түрлі құбылтып, әр түрлі контекстке салып, дамытып отырады. Бұл өзгерістер Ахмед Шауқидің туған жері Мысырдан алшақта жүріп жазған өлеңдерінде терең байқалады. Әрине, ақынның жер аударылуы оның шығармашылығына айтарлықтай әсер еткені рас. Алшақта жүріп, туған жеріне, еліне деген ыстық сағыныштан патриоттық сезімі де

арта түсті. Сондықтан оның шығармашылығындағы осы бір кезең түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ол енді сарай ақыны емес еді. Сонымен, ақын өзін сарайдың алтын бұғауынан босата бастайды, ал сарай мен Шауқидың арасындағы қарым-қатынас біртіндеп әлсірей бастайды. Ол өзінің ішкі жаралары мен ауыртпашылықтарын білдіру үшін халыққа жақындап, хедив тілінен кейін халықтың тілі мен тынысына айналды. Сәйкесінше, елдегі ауыр жағдайлар оның сараймен байланыстарын әлсіретіп, санасын ұлтшылдық сезімімен толықтырып нығайта түсті.

Ахмед Шауқидің Испания жерінде жазған шығармалары қайғы-мұң, ностальгиямен ерекшеленді. Бұл жаңа орта оның поэзиясының өсіп-өркендеуі үшін құнарлы топырақ секілді болғанымен, Шауқи оны қуанышпен қабылдай алмады, себебі ол туған жерінен алшақта еді.

Сасанидтердің Таки-Кисра сарайында тұрған аббасидтік араб ақыны Әл-Бухтури секілді араб мұсылмандарының жоғалған жұмағы Андалусия қирандысында тұрған араб ақыны Ахмед Шауқи елінен алшақта жүріп “البحري سينية” “Синият әл-Бухтуриге” қайшы сағыныш сезіміне толы танымал қасидасын жазады: “ نازاعتني إليه في الخلد نفسي. و سلا مصر: هل سلا ” “القلب عنها أو أسا جرحه الزمان المؤسى وطني لو شغلت بالخلد عنه ”, бұл жолдарда ақын “Отаным жайлы мәңгілік айтар едім, Ол үшін мен өле-өлгенше шайқасар ем. Мысырдан сұрайық, жүрегі оны ұмытпады ма? Әлде ол өткен күндермен жаралы ма?” – деп, ыстық ықыласын білдіреді. (Аударма біздікі).

Шауқи бұнымен тоқтаған жоқ, жер аударылғанына қарамастан, туған жері үшін ағылшын отаршылдығына қарсы қылыштай өткір өлеңдерімен танылды. Қайтып оралғаннан кейін де жазуын тоқтатпады.

Ахмед Шауқи Мысырға оралып, саяси және қоғамдық өмірге, сондай-ақ исламды дәріптеуге өз үлесін қоса бастады. Ақын 1924 жылы Сенат депутаты болып тағайындалады. 1927 жылы сәуірде Каир Опера театрында Ахмед Шауқидің құрметіне арналған поэзия фестивалі өтеді. Онда араб әлемінің түкпір-түкпірінен келген көптеген ақындар мен саясаткерлер қатысып, ақынға الشعراء أمير “Ақындар ханзадасы” лақап аты беріледі.

Испаниядан оралған соң, Ахмед Шауқи поэзиясы халыққа, оның ұлттық-әлеуметтік мәселелеріне жақындау бағытында үздіксіз дамып келді. Өз халқының жағдайын сезініп, оның мәселелерін сөз ететін халық ақынына айналды. Батыс жазушыларын оқу ақынның талантын шыңдады, сондықтан ол туған жеріне ақындық байлығымен оралды. Жер аударылғаннан кейінгі кезең оның өміріндегі ең жемісті кезең болды. Қоғамдық және ұлттық оқиғаларды қамтитын қасидалары артып, тарихтан бастау алған пьесаларын жаза бастады. Аз ғана уақыт аралығында ақынның көптеген тамаша шығармалары жарық көреді. Осылайша, Шауқи сарай ақынынан ұлт ақынына айналды.

Арада қаншама жыл өтсе де, атамекенге деген сағыныштағы бұл поэтикалық мәтіндер араб халықтарының жадында әлі күнге дейін сақталған. Шауқидің басынан өткен тәжірибе халқын бостандық пен әділеттілікке шақыратын өлеңдермен шабыттандырды. Ахмед Шауқидің туындылары Шығыстағы әділдік үшін күрес пен айғақ ретінде өмір сүруін тоқтатпады және өмірінде болған оқиғаларды шынайы көрсете білді.

Қаржыландыру. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті 2025-2027 жылдарға арналған «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру

негізінде «Абай және Шауқи дискурсындағы «Адам» концептісі (қолжазбалардың түпнұсқасы негізінде)» атты ғылыми жоба аясында дайындалды (AP25796471).

Авторлардың қосқан үлесі:

Р.С. Кожобекова – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, әдебиетпен жұмыс, зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып талдау жүргізу, аударма жасау.

А.А. Мустафаева – теориялық материалдарды жинақтау, бағыт-бағдар беру, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. بيروت: دار صعب. - 240. - 1998. - ص. عطوي خ. ف. أحمد شوقي أمير الشعراء.
2. ص 230. - 2010. - القاهرة: الهيئة المصرية العامة للكتاب. شوقي ضيف. شوقي شاعر العصر الحديث.
3. القاهرة: دار القومية للطباعة والنشر. - 1990. - ص 112. جودت ص. بلابل من الشرق.
4. الجزء الثاني. - لبنان. بيروت: دار الفاخوري حنا. الجامع في تاريخ الأدب العربي الحديث.
5. الجيل. 1996. - ص 438.
6. مصر. القاهرة: مكتبة النهضة. 2010. - ص 133. شوقي حسين. أبي شوقي.
7. مصر. القاهرة: دار الجيل. 1988. - ص 190. مبارك زكي. أحمد شوقي.
8. صبري م. الشوقيات المجهولة الجزء 2. لبنان. بيروت: دار المسيرة. 1979. - ص 217.
9. مصر. القاهرة: دار المعارف. 1982. - ص 185. عبد المجيد أ. أحمد شوقي الشاعر الإنسان.
10. Al-Rifai, N. Y. Denshawai and Cromer in the Poetry of Ahmad Shawqi // Advances in Social Sciences Research Journal. - 2020. - Vol. 7(3). - Is. 3. - P. 1-27.
11. ضيف شوقي. الادب المعاصر في مصر. مصر. القاهرة: دار المعارف. 1957. - ص 271.

Р.С. Кожобекова, А.А. Мустафаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Концепт «ностальгия» в поэзии Ахмеда Шауки

Аннотация. «Ностальгия» – одно из уникальных человеческих чувств. Его структурно-семантической основой являются многообразие значений и различных понятийных символов, имеющих эмоциональную окраску. В данной статье отражены многочисленные изменения, происходившие в творчестве поэта Ахмеда Шауки, известного поэта Египта, тоскующего по Родине, родным и близким во время своего изгнания в Испанию. В ходе исследования рассматривается концепт “ностальгия” в творчестве поэта. Определена собственная концептосфера Ахмеда Шауки, характерная периоду его жизни, и отражена его национальная идентичность. Несмотря на то, что он воспитывался при хедивском дворце, как поэт он чувствовал «пульс» египтян, оказывая сильную поддержку им и их желаниям при помощи своих произведений. В статье

также анализируется период депрессии поэта, связанный с изгнанием Ахмеда Шауки в Испанию после начала Первой мировой войны в 1915 году и дальнейшей эскалацией революции в Египте в 1919 году. В результате исследования проанализировано, что Ахмед Шауки нашел облегчение, обратившись к поэзии, чтобы облегчить свою ностальгию по родине, находясь вдали от своей страны. Обсуждаются основные проблемы в поэзии поэта в зависимости от рассматриваемого периода. Результаты исследования показали, что поэт написал касыду под названием “Арабские страны и великие люди ислама” во время посещения памятников мусульманской цивилизации в Севилье, Кордове и Гранаде. Умение передать истинное настроение и красоту в поэзии Шауки позволило распознать лишь одну сторону творчества поэта. В результате проведенного исследования выявлено то, что концепт “ностальгия” занимает особое место в творчестве поэта Ахмеда Шауки.

Ключевые слова: Ахмед Шауки, арабская поэзия, ностальгия, изгнание, концептосфера, патриотизм.

R.S. Kozhabekova, A.A. Mustafaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The concept of “nostalgia” in the poetry of Ahmed Shawki

Abstract. The concept of “nostalgia” is one of the unique human feelings. Its structural and semantic basis is a variety of meanings and various conceptual symbols that have an emotional connotation. This article reflects the homesickness and numerous changes of the famous Egyptian poet Ahmed Shawki during his exile in Spain. The study examines the concept of “nostalgia” in the poet’s work. Ahmed Shawki’s own concept sphere, characteristic of the period of his life, is determined, and his national identity is reflected. Although he was brought up in the Khedive palace, as a poet he felt the “pulse” of the Egyptians, giving strong support to them and their desires through his writings. The article also analyzes the period of the poet’s depression associated with the exile of Ahmed Shawki to Spain after the outbreak of the First World War in 1915 and the further escalation of the revolution in Egypt in 1919. As a result of the study, it was analyzed that Ahmed Shawki found relief by turning to poetry to alleviate his nostalgia for his homeland while away from his country. The main problems in the poet’s poetry are discussed depending on the period under consideration. The results of the study showed that the poet wrote a poem called “Arab countries and great people of Islam” while visiting the monuments of Muslim civilization in Seville, Cordoba and Granada. The ability to convey the true mood and beauty in Shawki’s poetry made it possible to recognize only one side of the poet’s work. As a result of the study, it was revealed that the concept of “nostalgia” occupies a special place in the work of the poet Ahmed Shawki.

Keywords: Ahmed Shawki, Arabic poetry, nostalgia, exile, concept sphere, patriotism.

References

1. Atwy Kh.F. Ahmed Shawki Amir al-Shu’ara’ [Ahmed Shawki the Prince of poets] (Dar Sa’b, Beirut, 1998, 240 p.). [in Arabic]
2. Daif Sh. H. Shawki Sha’er Al-Asr Al-Hadith [Shawki poet of the modern era] (Al-Hai’a Al-Masriya Al-Amma lil Kitab, Cairo, 2010, 230 p.). [in Arabic]

3. Jawdat S. Balabel min Al-Sharq [Nightingales from the East] (Al-Dar al-Qawmiyah lil- Tiba'ah wa AlNashr, Cairo, 1990, 112 p.) [in Arabic]
4. Al-Fakhouri Kh. Al-Jami' fi Tarikh Al-Adab Al-Arabi [The mosque in the history of Arabic literature] / part 2. (Dar Al-Jeel, Beirut: Beirut, 1996, 438p.) [in Arabic]
5. Shawki H. Abi Shawki [My Father Shawki] (Maktabat Al-Nahda, Cairo, 2010 133 p.) [in Arabic]
6. Mubarak Z. Ahmed Shawki [Ahmad Shawqi] (Dar Al-Jeel, Cairo, 1988, 190 p.) [in Arabic]
7. Sabry M. Al-Shawqiyat Al-Majhoula [The unknown poems of Shawki] Vol. 7(3), 2nd ed., (Dar Al-Mayssara, Beirut, 1979, 217 p.) [in Arabic]
8. Abd ul-Majeed A. Ahmed Shawki Al-Sha'er Al-Insaan [Ahmed Shawki is a human poet] (Dar Al-Ma'aref, Cairo, 1982, 185 p.) [in Arabic]
9. Al-Rifai N.Y. Denshawai and Cromer in the Poetry of Ahmed Shawqi, Advances in Social Sciences Research Journal, 7(3), 3, 1–27 (2020).
10. Daif S. Al-Adab Al-Mu'aser fi Masr [Contemporary literature in Egypt] (Dar Ul-Ma'aref, Cairo, 1957, 271 p.) [in Arabic]

Авторлар туралы мәлімет:

Қожабекова Р.С. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Мұстафаева А.Ә. – PhD, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Kozhabekova R.S. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Mustafaeva A.A. – PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).